



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасы халқының жекелеген
этностары бойынша саны*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Алданғарқызы Әсем

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік Ел көшесі 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

a.al dangarkyzy@economy.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 (7172) 74 95 40

S.2 Өзектілік- кіріспе

Жекелеген этносатар бойынша халық саны туралы статистикалық деректер маңызды ақпаратты береді. Этностар бойынша халық саны мен сипаттамалары туралы уақтылы ақпаратты алу әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау және дәлелді шешімдерді қабылдау үшін алғышарт болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Қазақстан Республикасының жекелеген этностар бойынша халқының өңірлер және аудан бөлінісіндегі саны

S.4.2 Жіктеу жүйесі

ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

- Жынысы бойынша анықтамалығы, жас анықтамалығы, жас топтары анықтамалығы

S.4.3 Секторлық қамту

Ұлттық санақтың нәтижелері, алдыңғы кезең басына халық саны, табиғи өсім, көші-қон сальдосы, әкімшілік-аумақтық өзгерістер

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Этностар бойынша халық санының көрсеткіштерін есептеудің мақсаты тиімді әлеуметтік және экономикалық саясат жүргізу, елдің және өңірлердің даму бағдарламаларын әзірлеу үшін қажетті халықтың жекелеген этностар бойынша саны туралы толық және анық ақпаратты алу болып табылады.

Анықтамалары:

Халықтың жалпы өсімі (кемуі) – халықтың табиғи өсімі (кемуі) мен көші-қон өсімі (кемуі) арасындағы алгебралық сома;

Халықтың көші-қон өсімі (кемуі) – өңір аумағына белгілі бір кезеңде келгендер саны және оның шегінен тыс кеткендер саны арасындағы айырма;

Халықтың табиғи өсімі (кемуі) – белгілі бір кезеңге тірі туғандар саны мен өлгендер саны арасындағы айырма.

S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасының тұрақты тұрғындары.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Іріктемелі зерттеу өткізілмейді

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар, астана)

S.4.8 Қамту уақыты

2009 жылдан бастап 2019 жылдың басына дейін

S.4.9 Базалық кезең

Былтырғы жылдың тиісті сәтімен ара қатысы белгіленеді.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағаның м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

5. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №778 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017

жылғы «21» қыркүйектегі № 173 бұйрығымен бекітілген Халық санының және құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі. Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 6 қазанда № 15860 болып тіркелді

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидалары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты таратудың кестесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеттің www.stat.gov.kz сайтында "Негізгі" // "Негізгі құжаттар" бөлімінде орналастырылған.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеттің www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистикалық ақпарат - Салалар бойынша - Демографиялы статистика - Бюллетендер - Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностары бойынша саны

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында "Негізгі" - Ресми статистика - Жарияланымдар - Жинақтар, тоқсандық басылымдар, талдамалық материалдар мен электронды кестелер - Статистикалық жинақтар - Қазақстанның демографиялық жылнамалығы;

- Ресми статистикалық ақпарат - Салалар бойынша - Демографиялы статистика - Бюллетендер - Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностары бойынша саны

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

Жекелеген этностар бойынша халық саны "Талдау" ақпараттық-талдамдық жүйеде жарияланбайды

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №778 бұйрығымен бекітілген Дереккорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында Негізгі - Маңызды - Әдіснама - Демографиялық статистика:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы «21» қыркүйектегі № 134 бұйрығымен бекітілген Халық санының және құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Демографиялық статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

-бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.

- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;

- ішкі көші-қон бойынша келу және кету бойынша электронды статистикалық талондарына көшу 2019 жылға жоспарлануда

- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі

S.13.2 Сапаны бағалау

Электрондық және қағаз жүзіндегі статталондарды салыстыру.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: Тәуелсіз мемлекеттер достастығы Статистикалық комитеті, Еуропалық экономикалық комиссия, ҚР-ның мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Жаппай байқау түрі болғандықтан қолданылмайды

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Жаппай байқау түрі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Жаппай байқау түрі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1 Қамту қатесі

Жаппай байқау түрі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Жаппай байқау түрі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Жаппай байқау түрі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Жаппай байқау түрі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Жаппай байқау түрі болғандықтан қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

ҚР халқының жекелеген этностар бойынша саны туралы деректер есептік мерзімнен кейін 116-күні қалыптастырылады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Жылдық қорытынды деректер Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес есепті жылдан кейінгі сәуір айында жарияланады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/ГРЗ

Бюллетень жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жарияланады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының аумағы шегінде

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2009 жылдан 2019 жылдың басына дейін жекелеген жас топтары бойынша Қазақстан Республикасының халық саны ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайтында www.stat.gov.kz - Негізгі- Ресми статистика-Халық-Бюллетендер бөлімінде орналасқан.

Осы көрсеткіштер бойынша динамикалық қатарлар жарияланбайды.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Халық санының және құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі Еуропалық қауымдастықтың (Еуростат) статистикалық басқармасымен Біріккен Ұлттар Ұйымы, Нью-Йорк және Женева 2006 ынтымақтастықта дайындалған 2010 жылғы Халық және тұрғын үй қоры санағын өткізу бойынша еуропалық статистиктер конференциясының ұсынымдарын ескере отырып әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Халық санының және құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі ҰЭМ Статистика комитетінің барлық құрылымдық бөлімшелермен келісілген

S.19 Жүктеме

Келуші және кетуші ҚР азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқтар тұрақты тұруға тіркелу немесе тіркеуден шығаруға өтінішті қалалық, аудандық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон

қызметіне береді. Көші-қон қызметі тіркелу немесе тіркеуден шығару кезінде арнайы статистика органдарына арналған статистикалық есепке алу талонын әзірлейді. Аталған статталондар ай сайын белгіленген мерзімдерде аудандық, қалалық статистика басқармаларына жіберіледі. Аудандық, қалалық статистика басқармалары өз кезегінде статталондардың толтырылу дұрыстығын тексеріп, қате тапқан немесе мәліметтер толық емес толтырылған жағдайда қайта толтыруға жібереді. Содан кейін статталондар облыстық статистика департаменттеріне беріледі, онда нормативтік-анықтамалық ақпарат бойынша деректер кодтауы жүргізіледі, электрондық базаға енгізіледі, логикалық және арифметикалық бақылауға тексеріледі. Бұдан кейін қалыптастырылған халықтың көші-қоны бойынша деректер базасы Комитеттің ақпараттық-есептеу орталығына беріледі, онда республикалық деңгейде логикалық және арифметикалық бақылау, деректерді өңдеу, редакциялау және ағымдағы жылға статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес кестелер шығарылымы жүргізіледі. Ары қарай қалыптастырылған кестелер Статистика комитетіне беріледі, онда ақпаратты тексеру, бекіту және тарату жүргізіледі. Қалалардың, аудандардың (облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы аудандарды қоса алғанда) Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – тіркеуші орган) қалалық (аудандық) статистика басқармаларына ұсынылған актілер саны мен актілердің әрбір түрі бойынша олардың нөмірлері көрсетілетін азаматтық хал актілерін тіркеудің ілеспе тізімдемесіне сәйкес азаматтық хал актілері жазбаларының түрлері бойынша жеке-жеке іріктеп алынған туу (туу туралы медициналық куәлігімен бірге), қайтыс болу (қайтыс болу және перинаталдық өлімі туралы медициналық куәлігімен бірге), некені қию және некені бұзу туралы азаматтық хал актілерінің (бұдан әрі – азаматтық хал актілер) туралы акт жазбаларының екінші даналарын есепті айдан кейінгі 6-күннен кешіктірмей жібереді. Тізімдемелер екі данада жасалады: біреуі тіркеуші органдарда қалады, екіншісі аумақтық статистика басқармаларына жіберіледі. Табиғи өсім мен көші-қон сальдосы алдыңғы кезең басындағы халық санына қосылады.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Өңірлер шекараларының елеулі өзгерістері кезінде демографиялық оқиғаларды (есепті кезеңнен кейін статистикалық әзірлемеге түскен) олардың туындау жылына сәйкес бөлуді ескере отырып соңғы ұлттық санақ сәтінен бастап халық санына қайта есептеу жүргізіледі.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Этностар бойынша халық санын есептеу.

Елдің және оның өңірлерінің халық саны туралы ақпараттың негізгі дереккөзі ұлттық санақтарды өткізудің қорытындылары бойынша алынған деректер болып табылады.

Жыл басына халықтың тұрақты санын ағымдағы бағалаулар ұлттық санақты жүргізу күнінен санақ жылының 1 қаңтарына келтірілген соңғы ұлттық санақты жүргізу қорытындылары бойынша алынған деректер негізінде есептеледі, оған жыл сайын этностар бойынша туғандар мен Қазақстан Республикасының аумағына немесе өңірлеріне тұрғылықты тұруға келгендер саны қосылады және олардан қайтыс болғандар мен Қазақстан Республикасының аумағынан немесе өңірлерінен тыс тұрғылықты тұруға кеткен этностар саны шегеріледі.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау әдісі: халық санағы, ҚР Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитетінің кету және келу қағаз статистикалық талондары, АХАЖ-дың туу және қайтыс болу туралы қағаз түріндегі актілері

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректерді дәйектердің дәйектілігін тексеру үшін форматтық-логикалық бақылаулар қарастырылған

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Этностар бойынша халық саны туралы деректер кеш келген туу және өлім тіркелімдерін ескере отырып нақтыланады

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру